

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**


«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор
2019 жылғы 04 шілде
№ 13/1-18-202 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ-ның ТӘРТІПТІК КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ**

ЕРЕЖЕ

Коды	Басылым	Құрастырған	Келісілді	Қолы	Күні
Е БҚМУ 04-18	Бірінші	Нуранова Д.Д.	Смагулова Г.А.		04.07.19
			Жамалиева Л.М.		04.07.19
			Жаманкулов Б.С.		04.07.19
		<u>04.07.</u> 2019 ж.	Жиеналин Е.Ш.		04.07.19

Ақтөбе, 2019

	НАО «Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова»	Дата: 04.07.2019	Издание: первое
	Дисциплинарная комиссия	П ЗКМУ 04-18	Стр. 2 из 5

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР


- 1.1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ тәртіптік комиссиясы туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Университет) жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
- 1.2. Осы Ереже Тәртіптік комиссияның міндеттері мен өкілеттіктерін, оның қалыптасуы мен жұмыс жасау қағидаттары мен тәртібін анықтайтын «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-ның ішкі құжаты болып табылады.
- 1.3. Тәртіптік комиссия осы Ережеге сәйкес Университет қызметкерлері құрамынан құрылған жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

2. ТӘРТІПТІК КОМИССИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Тәртіптік комиссияның негізгі мақсаты Университет қызметкерлерінің ҚР заңнамасын, Университеттің ішкі тәртіп ережесін сақтауды, сондай-ақ жауапкершілік пен тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану істерін қарауды қамтамасыз ету болып табылады.
- 2.2. Тәртіптік комиссия қызметінде мақсаттарға жету үшін мынадай негізгі міндеттерді орындайды:
 - шығарылған шешімді орындаудың бұзылуы туралы істерді жан-жақты, толық, объективті және уақтылы қарау, сондай-ақ бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау;
 - Университеттің Ішкі тәртіп қағидаларын сақтауды бақылау;
 - Тәртіптік комиссияға бекітілген өкілеттіктердің, соның ішінде тәртіптік ықпал етудің негізінде тұлғалар осы ереженің 2.1. тармағында белгіленген лауазымдық міндеттерді орындауын қамтамасыз ететін шараларды қабылдау.
- 2.3. Тәртіптік комиссия мынадай істерді қарайды:
 - дәлелсіз себептермен оқу сабақтарына профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) жүйелі түрде келмеуі/жіберуі және кешігуі туралы;
 - жұмыс немесе оқу орнында мастық күйде келу, соның ішінде Университет аумағында жұмыс уақытында ішімдік ішу туралы;
 - белгіленбеген орында темекі шегу туралы;
 - Университеттің ішкі нормативті құжаттарының талаптарын бұзу туралы;
 - тәртіптік сипаттағы ықпал ету шараларын талап ететін өзге де істер.
- 2.4. Қызметкерлердің (оқытушылардың) тарапынан әдепсіз мінез-құлық жағдайлары да Тәртіптік комиссияның қарауына жатқызылады.
- 2.5. Сыбайлас жемқорлық істерін тиісті комиссия қарайды.

3. ТӘРТІПТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРУ ТӘРТІБІ, КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 3.1. Тәртіптік комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрамының саны Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі.
- 3.2. Тәртіптік комиссия міндеттемесіне қызметкерлер ішкі тәртіп қағидаларын сақтауын бақылау кіретін лауазымды тұлғалардан тұрады.
- 3.3. Оларға Басқарма мүшелері, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері және Университеттің кәсіподақ ұйымдарының өкілдері жатқызылады.
- 3.4. Комиссия мүшелерін Университетпен еңбек қатынасы мерзіміне Басқарма Төрағасы-Ректоры тағайындайды.
- 3.5. Егер Комиссия мүшелерінің саны белгіленген Комиссия құрамының санынан аз болса, Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры Комиссияның жаңа мүшесін тағайындайды.

	НАО «Западно-Казакстанский медицинский университет имени Марата Оспанова»	Дата: 04.07.2019	Издание: первое
	Дисциплинарная комиссия	П ЗКМУ 04-18	Стр. 3 из 5

3.6. Комиссия мүшелері өз құзіретінің аясында:

- 1) Комиссия Төрағасын міндетті түрде хабардар ете отырып, тікелей Басқарма Төрағасы-Ректордан және проректорлардан, Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерінен, сондай-ақ, Комиссия хатшысынан Комиссия құзіретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін қажетті құжаттарды және ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;
- 2) Комиссия отырысының күн тәртібіне ұсыныстар енгізуге;
- 3) Комиссия отырысының шақырылуын талап етуге құқығы бар.


3.7. Комиссия мүшелері өз құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін атқару барысында Университет мүддесін қорғауы, Университетке қатысты өз құқықтарын және міндеттерін адал және орынды орындауы тиіс.

4. КОМИССИЯ ТӨРАҒАСЫ

- 4.1. Комиссия қызметіне жетекшілік етуді және ұйымдастыруды Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен тағайындалған Комиссия төрағасы жүзеге асырады.
- 4.2. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда, оның міндетін Комиссия төрағасының орынбасары атқарады. Комиссия төрағасының орынбасары комиссия мүшелері көпшілігінің дауыс беруі арқылы сайланады.
- 4.3. Комиссия төрағасы:
 - 4.3.1. Комиссия отырысына шақырады және төрағалық етеді;
 - 4.3.2. Комиссия отырысында сұрақтардың талқанылуын, сондай-ақ отырысқа қатысуға шақырылған тұлғалардың пікірлерінің тыңдалуын ұйымдастырады.
 - 4.3.3. Комиссия отырысының хаттамасының жасалуын қадағалайды және оған қол қояды.
 - 4.3.4. Комиссия мүшелерінің арасында міндеттерді бөледі.
 - 4.3.5. Өзіне жүктелген функцияларды атқару барысында Комиссиямен бекітілген құжаттарға қол қояды.
 - 4.3.6. Қажет болған жағдайда Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерін Комиссия отырысына шақыруды қамтамасыз етеді.
- 4.4. Тәртіптік комиссияның хатшысы осы ереженің 3.1 тармағын ескере отырып, Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен тағайындалады.
- 4.5. Комиссия хатшысы мынадай функцияларды атқарады:
 - Комиссия отырысынан екі жұмыс күні бұрын қажетті материалдарды алады және комиссия мүшелеріне жібереді.
 - Комиссия отырысынан екі күн бұрын Комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады және Тәртіптік комиссия төрағасымен келісіледі және Комиссия мүшелеріне жіберілуін қадағалайды.
 - Тәртіптік комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді және олармен танысу үшін қол жинайды.

5. ТӘРТІПТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 5.1. Тәртіптік комиссия тәртіптік бұзушылық жасаған тұлғаларға мынадай тәртіптік жазаларды қолдану туралы шешім қабылдайды:
 - Ескерту;
 - Сөгіс
 - Қатаң сөгіс;
 - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген жағдайларда жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын тоқтату.

	НАО «Западно-Казакхстанский медицинский университет имени Марата Оспанова»	Дата: 04.07.2019	Издание: первое
	Дисциплинарная комиссия	П ЗКМУ 04-18	Стр. 4 из 5

- 5.2. Егер тәртіптік бұзушылық туралы істі қарау барысында бұзушылық сипатын қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болып табылатынын анықтаса, Тәртіптік комиссия бұзушыға қатысты материалдарды құқық қорғау органдарына жіберуге міндетті.
- 5.3. Жазаның белгілі бір түріне қатысты қаулы Университеттің барлық ұжымының назарына жеткізілуі тиіс. Тәртіптік комиссия шешімінің үзіндісі бұйрықпен ресімделеді және жұмыскердің жеке іс қағазына бекітіледі.
- 5.4. Тәртіптік комиссияның отырысына бұзушы, куәгер және басқа тұлғалардың шақыруы туралы ақпарат комиссия отырысы басталғанға дейін кем дегенде 3 күн бұрын кадрларды есепке алу бөлімінде жүргізіледі.
- 5.5. Тәртіптік жаза тәртіптік жазаны қолдану туралы тәртіптік комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап екі ай өткеннен кейін растайтын құжаттарды ұсынумен тікелей жетекшінің өтініші бойынша мерзімінен бұрын алынып тасталуы мүмкін.

6. КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Комиссия отырысы жоспарлы түрде айына бір реттен көп емес немесе қажет болған жағдайда өткізіледі.
- 6.2. Комиссияның отырысы Комиссия мүшелерінің көпшілігі қатысқан кезде өкілетті (кворумға ие) болып табылады.
- 6.3. Тәртіптік комиссия шешімі көпшіліктің дауыс беруі арқылы қабылданады, хаттамамен рәсімделінеді, комиссия төрағасы мен хатшысы қол қояды. Комиссияның әр мүшесі бір дауысқа ие.
- 6.4. Комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі:
 - отырыстың өткізілетін орны, күні мен уақыты;
 - күн тәртібі;
 - отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің тізімі;
 - дауыс беруге салынған сұрақтар және дауыс берудің нәтижелері (отырысқа қатысқан әрбір комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелерін көрсете отырып);
 - қабылданған шешім.
- 6.5. Хаттамаға комиссия дайындаған материалдар, қорытындылар, ұсыныстар және ұсынымдар, сондай-ақ комиссия мүшелерінің ерекше талаптары қосылуы мүмкін.
- 6.6. Дауыстар тең болған жағдайда Тәртіптік комиссиясы төрағасының дауыс берген шешімі қабылданады.
- 6.7. Бұзушы болмаған жағдайда Тәртіптік комиссия тәртіптік жаза туралы тиісті шешім қабылдайды және оны келмеген тұлғаның назарына жеткізеді.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 7.1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерінің өзгеруі нәтижесінде осы ереженің жекелеген тармақтары (ережелері) оларға қайшы күшіне енсе, онда осы Ереженің бұл тармақтары (ережелері) қолданылмайды және осы ережеге өзгерістер енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерін немесе Университет жарғысын басшылыққа алады. Қолданыстағы заңнамаға карама-қайшы ережелер осы Ереженің жалпы заңды күшіне әсер етпейді.
- 7.2. Ереже Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.
- 7.3. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорымен бекітіледі.

